

А 2005

5828к

АКОМАРТ ӘБДІХАЛЫҚ

ШАРБОЛАТ  
СЕНІМ






**Жомарт ӘБДІХАЛЫҚ**

# **ШАРБОЛАТ СЕНІМ**

**(Философиялық-публицистикалық  
проза)**

"Елорда"  
Астана – 2004



821.512.122-9

ББК 84 Қаз7  
Ә14

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША  
ШЫҒАРЫЛДЫ

**Ж.Әбдіхалық.**

**Ә 14** Шарболат Сенім. (Философиялық-публицистикалық проза) — Астана: Елорда, 2004. — 344 бет.

ISBN 9965-06-370-2

Белгілі публицист, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қызметкері, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Жомарт ӘБДІХАЛЫҚТЫҢ бұл кітабына оның Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде баспасөзде жарық көрген таңдаулы публицистикалық туындылары және эстетикалық-философиялық проза жанрында жазылған жаңа еңбектері енгізілді. Автор бүгінгі қоғам мен Адам проблемаларын тарихи жаңа мүмкіндіктер мен нақты өмір аясында қарастырады. Мына өріс ала бастаған демократиялық үрдіс, өркениеттер беттесуі, бүкіл әлемді қамтыған жаһандану нышандары өмірімізге тағы қандай тосын өзгерістер әкелмек? Біз қандай бағытты сеніммен қалап, қандай құндылықтарға табан тіреуіміз керек?

Қоғамдық өрістерде жеке адамдар берік таңдау жасап, тегеурінді әрекеттер арқылы нық сеніммен өмір сүруі үшін олар тиянақты танымға, өмірдің өркенді күштеріне арқа сүйеуге тиіс. Жомарт Әбдіхалық кітабының темірқазық идеясы да, автордың ең негізгі лейтмотив кредосы да осы сұрақтарға жауап іздеу.


Кітапқа енген туындылардың логикалық байыбы терең, тиянағы шымыр. Автордың ойлау машығы, мағыналы тіл өрнегі және оның өзіндік стиль мақамы біздің бүгінгі, болашақ өміріміз жайында ой саралаған адамның қай-қайсысын да бейтарап қалдырмайды.

Ә 4702250204-310  
450(05)-04

ББК 84 Қаз7

ISBN 9965-06-370-2

© Ж. Әбдіхалық, 2004  
© "Елорда", 2004



## ОҚЫРМАНҒА УӘЖ

### "Шарболат Сенім"

Бұл кітаптың атауын осылай атадым. Тысы мен іші қабысып жатса — қандай қуаныш! Бірақ, оның төрелігі өздеріңізде.

Сенім неге "Шарболат" ұғымымен өрімдес болуы керек? Мен оған неліктен мән бердім?

Көпшілігіңіз кәміл білесіздер, Өмірдің қандай жағдайында нендей халде жүрсең де, адамға Сенім қажет. Және оның берік болғаны ғажап.

Адамзат дамуының ең бір керемет кезеңі, алтын, күміс, қола, мырыш, мыс өз алдына, тек темірді қолданудан басталған...

Оның өзін сол кездегі басқа белгілі металдардың бәрінен берік екендігін місе тұтпай, темірді балқытып-қорыту, суарып-шыңдау барысында оны серпінді шарболат құрышқа айналдырған...

Шойынның сомдығы оның омырылғыш, әлсіз келетіндігін ақтай алмаған.

Келе-келе, көре-көре менің бір түйгенім: тіршілікте тегеурін танытатын адамның үлкен қуатының бір қайнары — осы құрыштай берік қалыптасқан таным-сенімінде екен.

Таным-сенім мен наным-сенімнің арасында әжептәуір айырма бар. Соларды жіктеп-жіліктей бастасаң, бір бүйректен "соқыр сенім" деген де "етке таңба, бетке шырмау" тәрізді түсінік-түйіндеулер шыға бастайды.

Наным — сенімнің құр босқа илану түрі.

Көрінгенге наным, тіпті оған табыну түптің түбінде теріс, балаң түсініктің нәтижесі екендігін адамзаттың ақыл-ой тәжірибесі, ғылым жетістіктері біртіндеп болса да әлдеқашан түбегейлі, қапысыз дәлелдеп келеді.

Адамдар неге "соқыр сенімде" болуы керек? Сенімің "соқыр" болса, одан қандай мән, қандай қуат?!

Әрине, адам нендей нәрсеге қалай сенсе, оның әрекет-болмысы да сол ыңғайда қалыптаса бастамақ. Оның бәрі дүниетаным, көзқарасқа тікелей байланысты. Демек, сеніміңді шыңдап, сынау үшін осы Таным мәселелеріне мықтап мойын бұрып, әуел бастан соны нықтап, мығымдай беру қажет. Ал, шындықты несіне жасырайық, қандастарымыздың басым көпшілігі осы тұрғыдан әр ыңғайда осалдық танытады және мүлдем бұл бағытта емес.

Сеніміңді Шарболаттай шымыр, серпінді ету — ұзақ жол, үздіксіз еңбек, тынымсыз ізденіс пен талпыныстың жемісі. Ол жемістің кәдеге жарап, жарамайтын кездері де аз болмайды. Дегенмен, Ақиқатты әйгілеген шынайы Сенімнің жемісі — өлшеусіз игілік.

Адамның қай кезде неге, қалай сенгенінің ізі оның өмір жолының өн бойында сайрап жатуға тиіс. Оның тіршілігі қалай өткендігіне және қалай өтетіндігіне басқаша дәйек жоқ. Сенімің — күшің. Сенімің — ісің.

Бір сөзбен айтқанда: Сенімің қандай болса — өмірің сондай. Қате, жаңсақ, жемісті-жеңісті істеріңнің бәрі таныммен, сеніммен сабақтас. Басқаша болуы мүмкін де емес.

"Шарболат сенімге" мен осы тұрғыдан тоқтам жасадым. Мына кітаптың тінін, мазмұнын құраған жазбаларым — философиялық-публицистикалық рәуіште жазылған еңбектер. Әсіресе, оның негізгі бір арқауын әдіптеген әлеуметтік-эстетикалық тұрғыдан жазылған жаңа туындылар осы атауды ақтаса екен деп үміттенемін.

Не айтсаң да, не туралы жазсаң да қандай күмән, қандай сенімде отырып қалам тартқаныңды еш жасыра алмайсың.

Қоғамның ұзақ мерзімді іргелі, тарихи құбылыстарына баға бергенде белгілі бір кезеңді ғана алып, тек ағымдағы саясат, әлеуметтік жағдаят тұрғысынан қарау кемшін соғып жататыны күмәнсіз. Мысалы, бүгін: "Адамға табын, Жер, енді!", "Біздің бүгінгі ұрпағымыз коммунизмде өмір сүреді!" деп бүкіл әлемге жар салу әбестік. Сол сияқты "Бәріміз — біріміз үшін, Біріміз — бәріміз үшін!" деген жалған патетика, қанша жерден ұрандатып, өзеуреп бақсақ та, қазіргі капиталистік қор жинауға, олигархиялық үстемдікке негізделген нарықтық экономикалық қатынасқа, оның құрылым-субъектілерінің мүддесіне мүлдем сәйкес келмейді...

Осындай жағдайда Ақиқат Сенім, әділетті әлеуметтік таным, рухани ізгілік жолына қалай шыға аламыз?

Бұл — проблема. Және бүгін-ертең шешілмейтін, қайшылығы тереңде жатқан үздіксіз проблема. Сондықтан мақсат — осы жолда бір-бірімізге демесін болып, көзқарас тұрғымыздың шыңдала түсуіне қол ұшын беру, кәдуілгідей жәрдемдесу.

Өздеріңіз бетін ашқалы отырған бұл кітап осы мақсатқа орай оқырманға аз-кем себесіні тиіп, ой салса, еңбегімнің кәдеге асқаны деп білемін.

**АВТОР.**



**Бірінші бөлім**

**ТӘУЕЛСІЗДІК — РУХТА**



## **БАЛАМА БАР, БАСҚАНЫ ҚАЛАМАЙМЫЗ**

Дәл осы күндері қызды-қызды сөздер әр тараптан естіліп жатыр, жазылып жатыр, мәселе біреу — Елдің ең үлкен билігін, киелі басқару тізгінін ұстауға кім лайық?

Немесе кімдер лайық?

Мұндай сұрақтар әрдайым көкейде тұрады, бірақ оларды жүгіністіріп, лезде шешіп тастайтындай мүмкіндік еш уақытта бір кісінің, тіпті бірегеймін деп жүрген әлде бір даурықпа топтың қолында болған емес. Болмайды да. Шама келсе, менің түсінуімше, ондайды болдырмауымыз керек.

Алдағы ашық сайлау — Ел Президентін сайлауды қалың көптің өз еркіндегі шаруа деп қарасақ, бұған әуел бастан “жаназа шақырғандай” жанайқайға басатын ештеңе жоқ. Елдің ілгері даму бағыты біртіндеп айқындалып, бірегей шешіліп келеді. Мұндайда тым жедел жақсылықты, “мінсіз тіршілікті” көбірек күйттеймін деп, жан-ға жарақат түсіретін екінші жақтан бір-ақ шығуымыз да ықтимал. Халық даналығы тегін айтылмаған: “Артық қыламын деп, тыртық қылуға” бой алдырып жүргендер үшін бұл шындықты баса айтпасқа болмайды. Әйтпесе, Елбасы өз шешімін айтпай тұрған күннің өзінде “Н.Назарбаевқа альтернатива жоқ!..” деп өзеуреудің не қажеті бар еді?!

Біріншіден, балама бола ма, болмай ма — оны өмір көрсетеді. Балама үміткерлер саны ақыры едәуірге жетті. Бұл — ашық мәселе. Оған жауап беруді бізден ешкім сұрап отырған жоқ-ты. Болса бола берсін, бәрібір таңдау жасау, талғап дауыс беруге өз еркіміз де бар емес пе?

Екіншіден, қандай “алтын басты адамға” принципінде ықтимал балама “бар, табылады, болады” деп



есептеу керек. Ал, балама кандидаттардың бір-бірінен басымдағы лайық қасиеттері үстем болып жатса, соған орай халық қолдау, ықылас көрсетіп, солардың ішінен біреуі жеңіске жету кейінгі хал. Оған міне, енді келе жатырмыз.

Қалай дегенмен, таңдау әділ, адал, халық мүддесі тұрғысынан неғұрлым дәлелді әрі басым болуына жете мән беруіміз қажет.

Ең тамашасы — біздің тәуелсіз мемлекетімізде өз таңдауымызды өзіміз жасайтын, жүзеге асыра алатын демократиялық, құқықтық мүмкіндік бар. Бұл, бірақ сайлау, сайлану жасына іліккен есі дұрыс әрбір азаматтың дұрыс таңдау жасай алатын еркіне байланысты. Сондықтан “Отан үшін, Ел үшін!” деп жүріп-ақ әр тарапта, әртүрлі ыңдында көрінетін еріктілердің бәрі бірдей жөн деп санауға болмайды.

Әрине, жеке адамдардың таңдауының өлшемі бар, демек, біз кандидаттарды таңдау еркімізді білдіру арқылы өзіміздің кім екенімізді және қандай өлшемді негізге алғанымызды ашық білдіреміз. Гәп осы жерде!!.

Егер біз мұны мойындасақ, ең алдымен, әрқайсымыздың ой-пиғыл, көзқарас, әрекетімізге тікелей өзіміз жауапты болу қажеттілігін алға тартып, әуелі соны дұрыс (объективті) таңдау деңгейіне көтеруге күш салуымыз керек.

Оның түйіні: біз — сайлаушылар қай кандидатқа не мақсатпен дауыс беретіндігіміз үшін жауаптымыз. Мен мұны әдейі өз таңдауына ешқандай дәйекті дәлел келтірмей-ақ әйтеуір жақтай беретіндер де бар екенін білгендіктен айтып отырмын.

Енді жағдай анықталып келеді. “Халықтың түпкі ниетін білгеннен кейін...” қазіргі Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мынадай шешім қабылдағанын хабарлады:

“1999 жылғы 10 қаңтарда болатын Президент сайлауына мен түсемін. Түсетін себебім...” — деп өзінің бес тұжырымын мәлімдеді.

Оларға дені дұрыс Қазақстандықтардың бір де бірі қарсы болмасы анық. Дегенмен...

Конституциялық талапқа сай өздерінің Президенттікке кандидат болу еркін білдірушілер болса, олардың да уәжін есітерміз. Таңданатын нәрсе бұл емес, керісінше, басқа кандидатуралар шықпай жатса, — бүгінгі-ертеңгі саяси жағдайымызға, демократиялық құқықтарымызға сол сын болатын еді. Оның өңін айналдырып әкеп бетке басушылар да табылатын еді. Құдай оңғарғанда, кандидаттар көзінен тізіліп, “балама табылмайды” деген уайым жайына қалды.

Бітеу жара, астыртын, жымысқы, құйтырқы тұспалдар, тіпті саяси авантюралар өзінің бет пердесін әбден ашқаны керек. Елді шатастырмайтын анықтыққа ештеңе жетпейді. Электорат та өздері нені көксейтінін, кімді қалайтынын танытсын. Ілгерішіл қоғамның саяси санасы марқайып, қалыпқа түскенше әлі қайда?!.

Осыдан болар, Н.Ә.Назарбаев дауысқа түсуге шешім қабылданбай жатып пікір білдірушілердің бір парасы, менің байқауымша, артық-ауыс жадағай эпитеттерге бой алдырғандай әсер қалдырды.

Мысалы, мен Нұрсұлтан Әбішұлының мемлекет қайраткері ретінде бүгінге дейін қандай істер тындырғанын нақты дерегімен айту арқылы да оны кейін мәлім болатын қандай баламаластарынан мойны озық тұрғанына еш шүбә келтірмеймін. Бірақ, солай бола тұра, бұл оның Елбасы ретіндегі іс-әрекетінде бұған дейін де, егер сайлана қалса, бұдан кейін де ешқандай күмән туғызатын іс-қимылы болмайды дегендік емес.

Айталық, мемлекет мүлкін, халықтық ортақ игілікті жөкешелендіру саясаты — бүгінге дейінгі элеуметтік-экономикалық нәтижесіне қарағанда, бұл шара жалпы қара халықтың басым көпшілігін бірнеше тұрғыдан оындырып кетті. Мөншік иесі еместер мен үлестен қағылғандар қағажу көріп, оның орны әлі едәуір жыл бойы опырайып тұратын түрі бар.

Ауылды жерде әжептәуір ауыр жағдайлар қалыптасты: неғұрлым көпшілік тұрғындар тікелей қол ақша түрінде табыс табу мүмкіндігінен айрылды; мал шаруашылығы, өгіншілік, бау-бақша өнімдерін өндіру, ұқсату, оны пайдалы түрде сату проблемалары мемлекет та-

рапынан түбегейлі шешімдерді күтіп тұр. Ауылдағы жеке меншік иелерін техника, жанармай, электр қуатының қымбаттығы әрі тапшылығы қинайды...

Бұл — жалпы әлеуметтік, мемлекеттік мәселелер. Мұның қатарына мен сыбайлас жемқорлық, монополизм етек алғандығын, заңның, тиісті шешімдердің орындалуына жеткілікті бақылаудың жоқтығын, соның салдарынан түбі қатерлі кейбір астам “элементтер” ырық алып отырғандығын қосар едім.

...Қоғам дамуының өтпелі кезеңінде орын алған олқылықтар бір ғана адамның кінәсінен десек, оның да ақылға сыйымсыздығын аңдауға болады. Сондықтан сөз түйіні біреу: балама дауысқа түсушілер әлденешеу, бірақ бұл жолғы таңдау жалғыз, ол — Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

1998 ж.

## ПАНАМЫЗ НЕ? ҚОРҒАНЫМЫЗ КІМ?

(Сарасөз)

*“Освобождение от рабства относится к праву народов”*

\* \* \*

*“Знать законы — значить воспринять не их слова, но их содержание и значение”.*

**ЮСТИНИАН.**

*“Законы должны иметь для всех одинаковый смысл”.*

**Шарль Луи МОНТЕСКЬЕ.**

Шындықтың кейде дуалы ауыз біреудің атымен айтылмаса, оған мән бермейтін, керек десеңіз, мойындағымыз келмейтін дағдымыз бар. Сондықтан, арғысы I ғасыр, бергісі ағартушылық кезең VIII ғасыр заңгерлерінің зерделі қағидасын сол қалпында әдейі келтіріп отырмын.

Алтыннан да қымбат асылымызға балаған Азаттық, саяси, рухани, мемлекеттік Тәуелсіздігімізді жариялаған (заңдастырған) Ата Заң жөнінде де көбіне қарекетқұлығымыз, шын мойындауға келгенде, соған жақын реңде.

Ертең — Конституция күні!..

“Е-е, жарайды... Болса болсын...”, — дей салатын қандас-бауырластарымыз ортамызда аз емес. Әрине, мұндай әдетке құр кейігенімнен не өнеді? Меніңше, түк шықпайды. Оған сол күні де, оған дейін де жеткілікті ықыласын оятпаған адамға не айтарсыз?!

Жағымсызға, жақтырмайтын нәрсеңе кейістік білдірмесең, әрине, және тағы болмайды. Бұл — аралық әсер, өткінші сезім. Жасыруға болмайтын наз, дегенмен...

Оған тым берілмей-ақ айтарымызға көшсек, бүгінгі Ата Заңымыздың айбыны мен орны — халқымыздың ең құнды киелерінің бірі. Оның бекігеніне үш жыл, қызмет ете бастағанына — 1095 күн. Тәуелсіз мемлекетіміздің бейбіт өмірі, еркін тіршілігі осы Заңмен тыныстап, осы Заңмен реттеліп келеді.

Адамдарда, бәрі өзінен-өзі болып жатқандай, “онда не түр?..” дегендей алдамшы “көз көрместік, көкірек сезбестік” болып тұрады, әрине. Бірақ, өмір шындығы мүлдем бұлай емес.

Өз тарихымызда, өз тағдырымызда тұңғыш Тәуелсіз мемлекет құрылып жатыр; оның саяси жүйесінің негізгі тұғыры — президенттік басқару нысаны. Бұл біз үшін әрі жаңа, әрі жағдайға қарай таңдалып алынды.

Президент — Жаңа Конституциямыз бойынша, халық пен мемлекеттің билік бірлігінің, Ата Заңымыздың талаптары сақталуы мен мызғымастығының, адам мен азамат құқықтары және бостандықтарының берік нышаны әрі кепілі. Ол мемлекеттік биліктің барлық тармағының үйлесімді жұмыс істеуін, сонымен бірге олардың халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді. Бірақ Ол — атқарушы органның басшысы емес, мемлекеттік биліктің дұрыс жүргізілуінің кепілі.

Бүгінгі Қазақстан қоғамы, оның әлеуметтік топтары қандай халді бастан кешіп отырғанын қазіргі қалыптасқан жағдай, саяси-экономикалық ахуал, соған байланысты туындаған пиғыл мен пейіл, ынта мен ықылас, үміт пен енжарлық... Шарасыздық, икемсіздік, жетесіздік... көріністері, айта берсек, қылмыс, қынжылыс, соған сәйкес кейбір ыза, өштестік, мейірімсіздік, қатыгездік сезімдерінің етек алуы — бәрі-бәрі қабаттасып, қосарласып келіп адамдарымызға бұрын-соңды көргендерінен кем емес зардаптар, ауыртпалықтар түсіріп отырғаны ойлантады, шамырқантады.

Сонда олардың ойымен орайлас “қорғанымыз кім? Панамыз не?” деген сұраққа жауап іздейсің.

Мына қоғам, мына заман кімге қандай теңдік бермекші?.. деп, көз көргенді, құлақ естігенді көңіл түкпіріндегімен салғастырып және бір тиянақ іздейсің.

Бәрі айқын дүниеде анық емес нәрселер көп. Оны да түсінуге болады, бірақ көргің келмейтін, тіпті естуге дәтің шыдамайтын әумесерлік әрекеттер етек алып, еңсе баспаса екен дейсің!..

Ол үшін...

Иә, ол үшін темірқазық бағдаршы — Ата Заң бар.

Сол бойынша міндет алған атқарушы органдар, қоғамдық-саяси, мемлекеттік құрылымдар бар..

Бірақ, біз — қатардағы қалың әлеумет, қарапайым халық биліктегі іс атқарушылар мен игілік көрушілердің

Ел, Отан алдындағы міндетін өз мүддесін көбірек ойлаумен шатыстырып, асыра сілтеп, ақ пен қараға төреші, басқарушы, “әділдік айтушы” болып жүргендеріне, солай бола бергісі келетіндеріне көнгіміз келмейді! Төзгіміз келмейді!..

Өйткені Тәуелсіз Ел Конституциясының мұраты баршамызға әділ, тең болса дейміз!

“Батпады алмағаның арашалап, батты маған тұрғаның тамашалап...” демекші, Ата Заңымызда әйгіленген құқықтар мен міндеттерге сай әрекет, тәртіп, дәстүр, мәдениет дес алмай жатқандығы, қане, кімнің жанын қаншалықты қинап жүр?!.

Біз бұл сұрақтың жауабын ұдайы іздейміз. Тапқан, алған жауабымыз әлі қанағаттандырмайды.

Конституциямыз сондай, зайырлы, құқықтық, өлеуметшіл, демократиялық қоғам жасақтағысы келетін Елде заңнан биік ешкім де болмауға тиіс, Заңнан тысқары әрекеттің бәрі заң бойынша бағасын, жазасын алуға тиіс. Бірақ біз сөйте алып отырмыз ба?

Біздің мемлекетіміздегі заңдар шын мәнінде біздің панамыз ба? Осыған байланысты қорғаушыларымыз қандай? Қорғанымыз кім?.. Әрқайсымыз кіміз?..

Негізінен келсек, әрине, бүтінбіз, Елміз, бармыз! Уақыт жағынан алып, бет-жүзің демей өткенге, бүгінге қарасақ, әлі де кембіз, ортамыз. Жетіспей, жете алмай жатырмыз. Бұл — күйінішті, өкінішті тұстарымыз.

...Адам, қоғам, заң — өзара ықпалдастық байланыста қалыптасатын, бейне түзейтін дүниелер. Заң қандай болғанмен адам сондай бола бермейтінін көз көріп отыр. Ол сондай процесс, бірақ оны заңдылық деп көңіл жұбатқаннан, өмір жеңілдей қоймайды. Тәртіптің, теңдіктің, тіпті әділеттің белгілі дәрежеде болуының өзі бұдан тек ұзаққа созыла бермекші...

Елбасымыздың өзі бастамашы болып әзірленіп, қабылданып жатқан заңдар адамдарымызға әрі пана, әрі қамқор, қорған болады деп сенгің келеді. Бірақ, “Асқар тау, сенде бір мін бар!..” демекші, адамдарымыздың да өз міні өзіне жетерлік. Әділ заң тек орындаушыға ғана байланысты емес, орындата алушыларға, — біздерге, Қазақстанның әрбір тұрғынына, әрқайсымыздың сана-зәрдәмізге, әрекет-жігерімізге тікелей қатысты.

Осыны ажыратып ғұмыр кешсек, Пана да, Қорған да табылады!..

## ҰЛЫ МҰРА ЕЛОРДАНЫҢ ТӨРІНДЕ

Бір демде осынша сезім, осынша қуанышты жүректе қаны, жүзінде ары бар жамағатқа жеткізудің өзі оңай емес: бұл бір тарихымыздың таңғажайып сәтіндей ұмытылмас үлкен оқиға болғалы тұр.

Кеше Астананың әйгілі ғылым, білім, парасат шаңырағына айналып келе жатқан Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университетінің бас ғимаратында болып, қаншама жәдігер, көне мұра мұрағаттарын көріп, ғаламат рух құшағында теңселіп- тебіренген күй кештік. Әлі қаншама адам дәл осындай сезімге бөленіп, әлі қанша ой еңселететіні, әрине, бұдан да даусыз.

Бүкіл түркі әлемінен ғалым, зерттеушілер, ол ол ма, атақты түрколог ғұлама Вильгельм Томсеннің елі - Дания корольдігінен оның шәкірт ғалымдары, әлем таныған түрколог зерттеушілер бас қосатын халықаралық конференцияның соңғы әзірлік арқауы ширатылу үстінде екен. Ортада — Күлтегіннің бәдіз (рун) жазулы ескерткішінің ғылыми көшірмесі орнатылатын тұғыр, екі қанатта “Алтын адам” паннолары, ал мұражайға кіре беріс төрдің екі қапталында қазақ рухының, қазақ мемлекеттілігінің, халық, ұлт тәуелсіздігінің ұлы тұлғалары әйгіленген шежіре-панорама... — бәрі-бәрі жасақталып жатыр, жанданып барады; көздің жауын алғандай осы бір күмбезді шаңырақтан жан дүниенді жаңа бір тың сәулелер, ойлы сезім, отты үміттер шапақтайды!..

Осы ұлан-асыр әзірліктің бел ортасында жүрген сабыр ақылы мен сұңғыла сергектігі қатар тоғысқан ұстазымыз, университет ректоры, профессор Мырзатай Жолдасбековке бүйірден бір азамат үн қатты:

— ...Мынанша тұлғалар, Мырзеке, дәл осы күндері университетімізде көзі тірі жүрсе, не болар еді!?

— Ғажап қой!.. Ғажап!.. Олардың өзі жүргендей рухтарын ел жүрегіне жеткізе алсақ...

Біз университет күмбезі төріндегі берісі мың бес жүз жылдық тарихи тұлғаларымыздың тұңғыш Тәуелсіз

мемлекетіміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа дейінгі дидарын бейнелеген алып панораманы көріп, тек пен рухтың, Ел мен елдіктің, түйінін айтқанда, ұрпақ сабақтастығының ұлы тегеурінін танығандай болдық.

Бүгін сөзден жаңылмайтын күніміз: Ұлы мұрат — Ұлы тегеурін! Халық бақыты — Ұлт Тәуелсіздігі! Оның көш бастаушы адал ұлдары, әлеуетті перзенттері!.. Олар болмаса, бүгінгі бірлік, бірегей Елдік қасиет қандай күйде болар еді? “Көп шуылдақ не табар, Билемесе бір кемел”, — деп ғұлама Абай айтқандай, кемелдіктің мұраты ұлтымыздың өткені мен ерлігінде тұнып тұр. Тек Тәңірім күнделігін күйттеген, түп-тамырынан қол үзген “көп шуылдақтан” сақтасын деңіз!.. Сақтана қимыл танытатын, ақ-қараны анық айыратын кез туған шақ бұл!

Әрине, бағыт түзу, тілек оң. Бүгінгі Тәуелсіздік ес кіргізіп, еңсемізді түзетуге қызмет ете бастады. Соның бір зерделі айғағы — Күлтегін ескерткішінің Елордасы — Астана төріне жеткізілуі. Ол өздігінен, оп-оңай келмегенін де білгеніміз жөн. Тұңғыш Президентіміздің он жыл ішіндегі төл мұраға, ұлттық тарихымызға деген дәйекті жанашырлығы оның өзі бас болған көптеген парасатты шаралардың қуатты қанат жаюына бағдарлы жол ашты. Ал, мына Күлтегін жазуларының көз алдымызға келіп бой түзеуі Нұрсұлтан Әбішұлының тарихи зердеге деген тікелей қамқорлығы мен қайраткерлігінің арқасы. Оның жүзеге асуына ел мұрасы десе өзегі айрылатын вице-премьер Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетов сынды азамат елеулі қажыр-қайрат танытты.

Бұл ұлағатты шараның тарихи мәніне әлі талай көз жеткізеріміз хақ. Өйткені Елтанудың бір қайнары — тарихи мұралар мен мұрағаттарды байыптап, зердеге тоқу. Ұрпақ, ұрпақ дейміз-ау, тіпті бүгінгі заманда баба-тарихқа, қазіргі күнге қалай жеткенімізге жетесіздік танытса, елдігімізден бәлендей үміт күтпеңіз. Өйткені зерде түзелмей пенде түзелмейді. Сондықтан да мұндай шаралар сондай мәңгүрттіктен ада болу үшін жасалады.

Шүкір, күні кеше ғана ақ зеренді Ананы алқалаған “Отан қорғаушылар” кешенді ескерткіші қанат жайып, Есіл бойындағы отаршылар қамалының орнына ақшаңқан Астана қала тұрғызылып жатқанына қыран жанары-



мен көз тіккен Азаттық арыстаны Кенесары хан ескерткішінің бой көтеруі — ұлт зердесін, оның тарихи жадын нұсқаландыратын-ақ құбылыстар.

Енді бізге ұлы мұратымызды, осыдан 1269 жыл бұрын тасқа қашалып жазылған ғаламат ерлік, ересен парасат-салтымызды Күлтегін ескерткіш-ұстынындағы жазулар күнде айтып тұрады: заты түркілік тегіміз қандай кісілікті, қаһармандық әрі қарапайым ғұмыр кешкен!

...Сөйтіп төңірі жарылқады,  
Бағым болғандықтан,  
Сәті түскендіктен,  
Өлімші халықты тірілттім,  
Жалаңаш халықты тонды,  
Кедей халықты бай қылдым.  
Аз халықты көп қылдым.  
Тату елге жақсылық қылдым.

Бұл тас-ұстын ұлағат сөздерде ұрпақтан-ұрпаққа жететін әрі ескірмейтін мән-мағына тұр. Бүгінгі Тәуелсіздігіміздің тағаны да осындай зердеге, елдік, адамгершілік, еларалық татулық, жараса білуге әзірлік қағидасына берік бекемделуі қажет.

Бүгінгі заманның дендеп кетер қатері көп және олар қай кездегіден де көп. Бұған халықтық зерденің парасатты біртұтастығы ғана қарсы тұра алады. Оны еске салатын ұлы мұралардың бірі Күлтегін өсиеті Елордамыздың төріне келіп орнықты.

Ұлағаттан көз жаздырмасын Тәңірім!!.

2001 ж.

## **БІРЛІК ТЕ, БИЛІК ТЕ — ӘЛЕУМЕТ МҮДДЕСІ**

Біздің Қазақстан қоғамында партиялардың ықпалы әлі де “ұядан көтеріле алмаған” қалпында келеді. Өздері өз ішінде билікке таласып, бір-бірлерінің жағасына жармасып жүргендер әзірге басқаларға опа беретіндей беделге ие бола қоймас-ау деп тұжырымдаймын. Менің ойымша, партия құруға әуесшілдікте бір теріс кілтипан бар: кейбір саясаткерсымақтар қотан ішіне қой терісін жамылып кірген қасқырдың кейпін елестетеді.

Билік партиясы дәрежесіне көтерілу үшін еліміздегі көптеген саяси құрылымдар мен қозғалыстардың қай-қайсысы да қалың бұқара қауыммен етене араласа алмай отыр. Тым болмаса “сөз жәрдемі”, халықтың көкейтесті мүддесімен бір екендігі олардың әрекетінен басым түрде байқалмайды. Сондықтан да қалың көпшілік даңғыры көп, бірақ көрінерге ісі мен беті жоқ партияларға өте күмәнмен қарайды. Былайша айтқанда, олардың түп мақсаты мен бүгінгі берекесіз қимылындағы айырмашылықты сезіп, көре тұра ашық, анық ниетпен қолдауға арланады.

Осы он жыл ішінде ілгері-кейін құрылған партиялардың қайсысы шын мәнінде шынайы қолдау мен беделге ие бола алды? Жауап мардымсыз. Жақтастар табуға қанша үміттенгендер соншалық шарасыз халде. Құр аты бар да заты жоқ күйде. Олардың көбі “Халық біздің жағымызда”, “бізді қолдайтындар жаңа демократиялық өзгерістер жасауға әзір, жаңаша таңдау жасауға әбден пісіп-жетілгендер”... деп құр дақпыртпен айтып жүр.

Ал, жеме-жемге келгенде, халықтың түбегейлі мүддесіне кімнің алыс, кімнің жақын екенін біз олардың нақты әрекет-қимылынан айқын ажыратып отыруымыз қажет. Жалған ұраншылдықпен елді алдарқатудың күні өтті деп есептейік.

“Отан” партиясының төтенше IV съезі өзінің саяси және мақсатты бағдарын анықтай түсуге тағы да бір табан жуықтап, етек-жеңін жинақтай түскендей әсер қалдырды маған. Мемлекеттік билік партиясының ішкі мазмұндық, құрылымдық қуаты электорат жинаудан

емес, әлеуметтің қалың бөлігіне қызмет етіп, соның мүддесін қорғай алудан танылуға тиіс.

Осы ретте съезде сөйлеген Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қадау-қадау бірнеше нақты міндеттер қойды. Еліміздің мына басталған онжылдықтағы дамуы — мүлде жаңа кезең. Енді қол жеткен жетістіктерімізді баспалдақ ете отырып, сапалық, құрылымдық, саяси биік деңгейге көтерілуге жол ашылғандай. Бірақ жолдың ашықтығы мен оны жүріп өту екі басқа дүниелер. Ал, өткен жолыңның әрбір бөлігін жемісті ету — одан да зор мәселе. Сондықтан Президентіміз жаңа кезеңдегі мүмкіндіктерді неғұрлым елге, қалың әлеуметке пайдалы ету үшін кең ауқымды, сындарлы ұсыныстар жасады. Оның бірі — “тұрақты негізде әрекет ететін жұмыс бабындағы кеңес шақыру...”. Оның құрамында тұрғандардың әртүрлі буындарының мүдделерін жеткізетін, сан қилы пікірлер ауқымын қамтитын өкілдер болмақшы. Бұл — меніңше, әртүрлі алауыздықтан арылып, қоғамның саяси әлуетін бір арнаға тоғыстыруға ықпал-әсерін тигізеді.

Егер елдік тұрқымызға лайық киім қажет екенін азаматтық жауапкершілікпен сезінсек, әрине, “Кеңесіп пішкен тон келте болмайды”. Мұндайда өзара екшеп келісілген ортақ позициялар туындап, неғұрлым сындарлы ұсыныстар бірлесе айқындалады. Бір-бірімізге құлақ аса білудің өзі айрықша бір ғанибет емес пе. Қазіргі бас-басына “түйе айдаған” саяси күштер, жеке-жеке тау болып көрінгісі келген “лидерлер” бір саты болса да өз көзқарастарын електен өткізуіне мүмкіндік табар еді.

Көз көріп, құлақ естіп отыр: ХХІ ғасырдағы мемлекеттердің қай-қайсысының да ішкі және сыртқы қалыптасу жағдайы өте күрделене түсті. Бұдан біздің Тәуелсіз, егемен мемлекетіміз де тысқары емес. Олай болса, алуан түрлі мүдделерді жақтайтын пікірлердің бір арнаға ақылмен тоғысып, әрекетпен, нақты шешімдермен ұштасуы — ең қажеттің қажеті.

Н.Ә. Назарбаевтың екінші бір айтқаны: “партия ел экономикасын одан әрі дамытуды және, тиісінше, әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруды қамта-

масыз ету процестерінен сыртқары тұра алмайтындығы”.

Бүгінге дейін бұл мәселе қалай болып келді? “Отан” партиясының әрекеті, Президент тілек еткендей, заман талабы, әлеумет мүддесі дәрежесінде таныла алды ма?

Бұған біздің шәк келтіруіміз негізсіз емес.

Бұл партияның идеологиялық тұғырнамасы және жұмыс жүргізу шаралары ел ішінде беделге ие болуына әлі де айқындық, мүдделестік, нақты әрекет жетіспейді. Оны жүргізетін төменгі, жоғарғы буындағы партиялық құрылым өзінің негізгі нысандарын тап басып, жете айқындай алмай отыр.

Қоғамдағы әлеуметтік сенімділікті нығайту — өсіп-өркендеуіміздің аса үлкен факторы. Адамдар билік иелеріне күмәнмен қараса, өздерінің заңды құқықтарын жүзеге асыруға келгенде “құлақ естімес” кедергілерге ұрынып жатса, ал бұған ықпал ететін саяси құрылым “ықтасында” жүрсе, қандай қауымның көсегесі көгереді?!

Егер “Отан” партиясы, съезде атап көрсетілген қағида-тұжырымдарға сай өз қызметін жандандыратын болса, сонда ғана ол туған Отанымыздай тұлғаланады, оның көркейіп, кемелденуіне қызмет етеді деп сенуге болады. Бірақ, жасырмаймыз, бұл әзірге үміт қана.

Партияның өз ішінде өзін-өзі жетілдіру тұрғысындағы жұмысы бізге онша мәлім емес. Оның құр “ниет түзулігімен” ғана санатта жүрген мүшелеріне көңіл тола бермейді.

Президент Н.Ә. Назарбаев мына пікірді де тегіннен-тегін айтпады деп есептеймін:

“Партиялық элитаны қалыптастыру жөніндегі жұмысты жолға қою керек, — деп атап көрсетті съезде Мемлекет басшысы. — Бұл мәселеге барынша байыпты қарау керек: бүгіннің өзінде партиялық қатардан азаматтың жоғары жауапкершілік сезімге бай, халықтың мүдделерін дәлелді түрде және көптің алдында қорғауға қабілетті, талантты, жоғары білімділерін анықтау, тәрбиелеп, ұсыну керек. Мемлекет мұндай адамдарға өте-өте зәру”.

Демек, халық қызметшілері партия қатарынан сараланып, сұрыпталып шықпақ. Мұны теріс ыңғайда, жеке мүддесі тұрғысынан пайдаланып жүргендерден арылу және сақтану үшін әдейі айтып отырмын.

Бізге саудың дауысын алып, сайқалдың сөзін сөйлейтін “көсемдердің” еш қажеті жоқ. Қоғам ондай “қайраткерлерсіз-ақ” күнін көреді. Ал, туған халқына, елдік мүддеге қызмет ету үшін бірлікке келіп, білек қосудың жөні бір басқа. Қолдасақ, тек соған бола ғана мемлекеттік партия деңгейінде топтасқан тұтастықты жақтаймыз. Құр санға қосылып қарасын көбейткеннен жетіскеніміз шамалы еді ғой?..

Бұл басталған жаңа кезең — мемлекетіміз үшін аса бір сындарлы шақ. Ел еңсесін түзеумен қатар құндылықтарды да айырып, ажырата түсетін өткелде тұр. Бұрынғыдан бетер сергек, серпінді болуымыз сол үшін қажет.

2002 ж.

## **ОДАҚ ПА, ӘЛДЕ ПАРТИЯ МА?**

Ел тағдырына тікелей әсер етіп отырған экономикалық дағдарыс өміріміздің барлық саласын қамтуда. Әсіресе? Бүгінгі әлеуметтік экономикалық, саясат, саяси көзқарастар мәселесі көпшілікті көбірек алаңдатуда. Жуырда Республика Жоғарғы Кеңесі мен үкіметі “Дағдарысқа қарсы шұғыл шаралар және экономикалық реформаларды тереңдету бағдарламасын” бекітіп, жарияланғаны мәлім. Бұдан біздің облысымыздың тұрғындары да көп үміткер. Дегенмен, өзiрге қиындықтың беті аумай тұр.

Мұндай жағдайда тығырықтан шығу жолын іздестіру — мемлекет тарапынан да, жеке-жеке қозғалыстар мен партиялар, бірлестіктер мен одақтар тарапынан да заңды ұмтылыс деп білеміз. Демек, мақсат бір. Ал, шынтуайтқа келгенде, олардың өзара әрекет, көзқарас бірлігі, ынтымақтастығы анық аңғарыла бермейді. Қайта, керісінше әр тарапқа тартқан саяси ағымдар мен көзқарастар көпшілік жұртты әрі-сәрі күйге түсіруде. Неге бұлай?

Кейінгі жылдары небір қоғамдық-саяси құрылымдар дүниеге келді. Таң қаларлығы сол, олар өздерін мейлі қозғалыс, бірлестік, мейлі партия, қоғам, одақ... деп жариялағанымен, қалың көпшілік — бұқара қауым оны елең қылып жатқаны шамалы. Олардың қай-қайсысынан да солардың соңынан бірден ере қояйын, мүше бола қояйын деген ниет анық байқалмайды. Неге?

Осы “Негенің?” түйіні шешілмей, қандай да бір жаңа саяси құрылым өзіне мардымды күш-қуат беретін жақтастар табады деп есептемеймін. Өйткені, не нәрсеге де көзің жетіп, көңілің құлай берілу үшін оның шындығына жүгініп барып қана мән табуың керек.

Бүкіл Кеңес халқының, тіпті дүниежүзі халықтарының көп жылғы “авангарды”, “кемелденген социализмнің” бірден-бір көш бастаушысы 18 миллиондық компартия тұяқ серіппестен “сәтті күні” қалпақтай ұшты.

“Неліктен олай болды?” деген сұрақ сол айбынды партия мүшелерін мазаламады дейсіз бе?

Мазалады! Әсіресе, оны, ең алдымен, қатардағы коммунистер іздеген болды, бірақ бұл сұрақтың толық жауабын ешкім де ала алған жоқ.

Ал бұған зерделі, арлы жауапты ең әуелі оның басшы органдары беруге тиіс еді. Авангард ұйым, көшбастаушы партияның құлдырап, құт берекесінің қашқандығы сондай, ол өз күнінің біткендігін өз атынан жариялауға да мұршасы келмеді. Сылқ құлады... Із-түзсіз жоғалып кете барды.

Шын күрескер партия, нағыз халықтық партия, ар-ожданымен әмбеге аян авангард партия тарих сахнасынан дәл бұлайша ығысып, табан тайдырмаса керек-ті.

Әрине, “мұршасын келтірмеді...” деп арсыздықпен араша түсушілер де табылар, бірақ шындық мұнда емес. Шындық — сол бәріміз мүше болған Кеңес Одағы Коммунистік партиясының мемлекетте, бүкіл қоғамда бірден-бір “жетекші” күш бола отырып, өз көрін өзі қазғандығында! Өз қайшылығының шегіне өзі жеткендігінде еді.

Оның жәй күндері де, дәуірлеу кезеңі де әрдайым теориялық (идеологиялық) және практикалық кереғарлыққа, күлдіреген бояма ұстанымдарға (принциптерге) толы болды. Идеологиялық сыңаржақтық кедергісіз дамып, өрістеген үстіне өрістей түсті. Ол алдына “Бәрі де халық үшін” деген бірсыдырғы анық мақсаттар қоя тұра, кезең-кезеңде ең қарапайым адамгершілік жолдан ауытқыды!... “Бәрі де адам үшін” деп жүріп, сол жолға адамның өзін, оның ең қарапайым, табиғи, тарихи мүдделерін құрбандыққа шалудан еш шімірікпеді. Бүкіл қоғамға дара билік жүргізуді қолына ала отырып, апатты экологиялық, экономикалық қатер төніп келе жатқанын танып білуге, оның алдын алуға әзірлік жасап, дұрыс шара қолдануға әрі шалағайлық, әрі дәрменсіздік танытты. Бір сөзбен айтқанда, компартия қалыптасқан жағдайдың қайшылығын қаймықпай дөп басып айта алатын, ақиқат гуманистік танымды өзек еткен әділетті саяси күш болудан қалды. Содан да оның мәпелеп өсірген, қызғыштай қорғайтын төлтумасы — партия әміршілдік-әкімшілдік мемлекеттік жүйе, бүкіл

саяси-экономикалық құрылым оған дем берушілік қызметінен бір сәт те айныған жоқ. Ақырында, партия — мемлекет, мемлекет — партия болып бірыңғай диктатуралық үстемдікке жетті, өмірдің барлық аясында ождансыз әміршілдік, жылан уындай жайлаған билікке құмар мансапқорлық тек коммунистік партияға мүше болумен тамырласып, оның басқарушы буынымен тікелей жалғасып жатты... Оның мысалын Хрущев кезеңінен де, Брежневтің тоқырау дәуірінен де, Горбачевтің құр жалтылдақ сөзбұйда саясаты елді әрісәрі әбігерге салған, абалаңқы күйге түсірген кезден де жеткілікті табуға болады. Турасын айтсақ, партияның астамшыл үстем буынына кадрлар іріктеу, мемлекеттік саяси, экономикалық бағдарламалар белгілеу, нақты қайшылықты мәселелерді шешу шектен асқан диктатуралық өктемдікке, өзімшілдік пен сыңаржақтылыққа, ақырында сыбайластыққа... негізделді. Олардың астарында одан басқа да қыруар волонтаристік, білім-парасаттан жұрдай жалғандық, жандайшаптық кеселдер жатты.

Обалы не керек, мұны бұқара халық сезді. Шіміркеніп те, жиреніп те, іштей кіжініп те жүрді. Дегенмен, ең өкініштісі сол, олар негізінен партияға құлдық ұрып қызмет ету, сенім арту салтынан “тайған жоқ” еді. Бірақ, одан не пайда!? Айбары асқан “әлемдік” компартияның ішкі құрылымындағы кеселді тәртіп пен жасанды, көлгір қарым-қатынас әбден асқынып, апогейіне жеткен кезде, партия өз басымен зәулі болды да, ақыры туған халқын — еңбекші табын тағдырдың тәлкегіне тастап жүре берді.

Енді міне, бүкіл қоғамда өктем партиясыз күн туды. Бастарына қандай тауқыметті күн түссе де жетекші партиясыз-ақ қалың ел — қайран жұрт тоқтаусыз тіршіліктің ағынын кешіп жатыр, көріп жатыр...

Қазір тек Қазақстан Республикасының өзінде басбасына би болған (билік құрғысы келетін) саяси топтасулар, қозғалыстар, қоғамдық құрылымдар жүзден асып жығылады. Олардың біразы өздерін партия деп те, одақ деп те тіркеді. Солардың қатарында бұрынғы компартия да қайтадан бас көтеріп, ат жалынынан ұстағысы келеді...